

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға қажетті бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" 2005 жылғы 19 сәуірдегі № 132 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 4 қазандағы № 152 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 9 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6622 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 165 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.04.28 № 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының «Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға қажетті бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде» 2005 жылғы 19 сәуірдегі № 132 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3649 тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

Осы қаулымен бекітілген бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға қажетті бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптар туралы нұсқаулықта:

мынадай мазмұндағы 2-4 және 2-5-тармақтармен толықтырылсын:

«2-4. Қор биржасы үшін бағдарламалық қамтамасыз етуі осы Нұсқаулықтың 1-тармағында көзделген талаптарға қосымша:

1) қор биржасының сауда жүйесін әрбір пайдаланған кезде осы қор биржасының сауда жүйесін пайдалану арқылы қор биржасының мүшесі атынан мәміле жасауға және іс-әрекеттерді жасауға уәкілетті жеке тұлғаларды (трейдер) сәйкестендіруді;

2) қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес құқығы жоқ тұлғалардың қор

биржасының сауда жүйесін пайдалана отырып мәмілелер жасау мүмкіндігін ш е к т е у д і ;

3) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңының 56-бабының 5 және 6-тармақтарында белгіленген талаптарға, сондай-ақ Агенттік Басқармасының 2008 жылғы 29 қазандағы № 170 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5406 тіркелген) бекітілген Бағалы қағаздармен және басқа қаржы құралдармен сауда-саттықты ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру ережесінің 9-тарауына сәйкес бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді анықтау тұрғысынан қор биржасының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелер параметрлеріне мониторинг жүргізуді қамтамасыз етуі тиіс.

2-5. Орталық депозитарий үшін бағдарламалық қамтамасыз етуі осы Нұсқаулықтың 1-тармақтың 2), 3) және 4) тармақшасында, 2-тармағында және 2-1-тармағында көзделген талаптарға қосымша:

1) Депоненттің жеке шоты немесе осы жеке шоты аясында ашылған қосалқы шоты бойынша операцияларды жасағанға дейін:

бағалы қағаздар рыногы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын және орталық депозитарийдің ережелер жиынтығын ескере отырып осындай операцияларды жасау мүмкіндігін;

орталық депозитарийдің ережелер жиынтығының талаптарына сәйкес тұрғысынан депоненттің жеке шоты немесе осы жеке шоты аясында ашылған қосалқы шоты бойынша операциялар жасалатын негізінде құжаттардың деректемелерін ;

депоненттің жеке шоты немесе осы жеке шоты аясында ашылған қосалқы шоты бойынша жасалатын операциялар негізінде құжаттарды беретін тұлғалардың осы іс-әрекеттерді жасауға өкілеттігін тексеруді;

2) егер осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес жасалған тексерулердің нәтижесі бойынша :

операцияларды жасауға Бағалы қағаздар рыногы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына және орталық депозитарийдің ережелер жиынтығына болжанған сәйкессіздіктер анықталса;

орталық депозитарийдің ережелер жиынтығында көзделген депоненттің жеке шоты немесе осы жеке шоты аясында ашылған қосалқы шоты бойынша жасалатын операциялар негізінде құжаттарында деректемелердің болмауы анықталса ;

депоненттің жеке шоты немесе осы жеке шоты аясында ашылған қосалқы шоты бойынша жасалатын операциялар негізінде құжаттарды беретін тұлғалардың осы іс-әрекеттерді жасауға өкілеттігі расталмаса депоненттің жеке шоты немесе осы жеке шоты аясында ашылған қосалқы шоты бойынша

операцияларды жасаудан бас тартуды;

3) егер келесі операциялық күні ашылмаса операциялық күн жабылғаннан кейін депоненттің жеке шоты немесе осы жеке шоты аясында ашылған қосалқы шоты бойынша операциялар жүргізу үшін мүмкіндігін шектеуді;

4) бағдарламалық қамтамасыз етудің жұмыс істеу барысында анықталған кателер мен сәйкессіздіктерді оларды жою және бағдарламалық қамтамасыз етудің одан әрі жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында қабылданған іс-шараларды көрсете отырып, сәйкессіздіктер журналында белгілеуді;

5) орталық депозитарий клиенттерінің бағдарламалық қамтамасыз етуімен өзара іс-әрекетін қамтамасыз етуі тиіс.».

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. 2011 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде «Қазақстан қор биржасы» Акционерлік қоғамы және «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» Акционерлік қоғамы өз бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуін осы қаулымен сәйкес келтірсін.

4. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (М.Ж. Хаджиева):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесе отырып, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне және «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

5. Агенттіктің Төрайым қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова